


**Нарықтық экономикалық жүйе  
және нарықтық механизм**  
Лекция 2

# Сұрақтар

- 1. Экономикалық жүйелер және оның типтері
  - 2. Нарықтық экономика. Нарықтың негізгі субъектілері. Нарықтық жүйенің қызмет ету механизмі.
  - 3. Сұраныс және Ұсыныс заңы және олардың қисықтары
  - 4. Сұраныс пен Ұсыныстың өзара байланысы
- 

# 1. Экономикалық жүйелер және оның типтері

**Экономикалық жүйелер** – экономиканың өзара байланысқан элементтерінің жиынтығы.

**Экономикалық жүйе** – экономикалық өнімді өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну барысында туындайтын негізгі экономикалық қатынастардың нысаны мен мазмұнын айқындайтын қағидаттардың, ережелердің, заң жүзінде баянды етілген нормалардың тарихи тұрғыда пайда болған немесе белгіленген, елде жұмыс істеп тұрған жиынтығы.

# **. Өнеркәсіптік төңкерістің және ғылыми-техникалық прогрестің даму деңгейі бойынша:**

- Индустриалдыққа дейінгі жүйе**
- Индустриалдық жүйе.**
- Постиндустриалдық жүйе**

# Экономикалық типтер

<b>Индустриалдыққа дейінгі жүйе</b>	<b>Индустриалдық жүйе.</b>	<b>Постиндустриалдық жүйе</b>
<b>Экономиканың негізгі сферасы</b>		
Ауыл Шаруашылығы	Өнеркәсіп	Қызмет саласы
<b>Шектеуші фактор</b>		
Жер	Капитал	Ақпарат
<b>Үстем тап</b>		
Жер иелері	Капитал иелері	Ақпарат иелері

# Ашықтылық дәрежесі бойынша:

- **Жабық**

- **Ашық**

# Меншік қатынастары бойынша:

- Дәстүрлі экономикалық жүйе
- Әміршіл-әкімшіл экономикалық жүйе
- Нарықтық экономикалық жүйе
- аралас

**Дәстүрлі экономикалық жүйе – ғасырлар бойы сақталған салт-дәстүрлерге негізделген қатынастар.**

□ **Бұл жүйенің сипатты белгілері:**

- өнімді өндіру, бөлу және айырбастау салттарға, дәстүрлерге негізделеді;
- әлеуметтік-экономикалық артта қалушылық, ұдайы өндіріс қарқынының тым төмен болуы;
- техникалық прогресстің шектелуі;
- халық санының өсуінің өнеркәсіптік өндірістің өсу қарқынынан тұрақты түрде артып отыруы;
- сыртқы қарыздың маңызды түрде орын алуы;
- мемлекеттің және қарулы күштер құрылымының жоғары рөлі.



Әміршіл-әкімшіл экономикалық жүйе – орталықтанды-рылған жоспарлауға, өндірістің барлық факторларына мемлекеттік меншіктің орын алуына негізделген қатынастар ■

- Сипатты белгілері:
- - өндіріс құрал-жабдықтарына деген мемлекеттің меншіктің орын алуы;
- - экономиканы орталықтан жоспарлау;
- - өндірушілердің монополиялануы;
- - ресурстардың орталықтандырылған қоры.
- - ынталандырудың нарықтық жүйесінің болмауы.

# Нарықтық экономикалық жүйе

## □ Сипатты белгілері:

- өндіріс факторларына деген жеке меншіктің орын алуы;
- кәсіпкерліктің еркіндігі және таңдау мүмкіндігінің болуы;
- шаруашылық субъектілерінің дербестілігі;
- шаруашылық субъектілерді жеке мүдделеріне сай ынталандыру;
- өндірушілер арасындағы, тұтынушылар арасындағы бәсекелес-тік, бұл ешкім нақты экономикалық билікке ие болмауы тиіс.

# Аралас экономикалық жүйе

Сипатты белгілері:

- - әміршіл экономика мен нарықтық экономиканың ұштастырылуы;
- - көптүрлі меншіктің болуы;
- - күшті кәсіподақ қозғалысының орын алуы;
- - мемлекеттік реттеу мен түзету рөлі белсенді болып табылады.

- Дәстүрге сай бөлу

- Әкімшілдік-командалық
  - Мемлекеттік меншік

- Жоспарға сай бөлу

- Нарықтық
  - Жеке меншік

- Нарық арқылы бөлу

- Аралас
  - Жеке меншік



# Нарықтық экономика


- Нарық — тауар өндірісі мен айналымы заңдары бойынша ұйымдастырылатын айырбасты сипаттайтын тауар қатынастарының жиынтығын білдіреді. Басқаша айтқанда, нарық — нақты тауар сатушылар мен оны сатып алушылардың басын қосатын кез келген институт немесе механизм.



# Нарықтық экономика белгілері мен принциптері:

- ▣ **1. Қызмет түрі мен формаларын таңдау еркіндігі.**
- ▣ **2. Жалпыға бірдейлік принципі**
- ▣ **3. Әртүрлі меншік формаларындағы меншік иелерінің тең құқылығы.**
- ▣ **4. Шаруашылық жүргізу тәуелсіздігі.**

# Капиталистік экономиканың негізгі ерекшеліктері:

- ▣ Жеке меншік
  - ▣ Кәсіпкерлік еркіндігі
  - ▣ Бәсекелестік
  - ▣ Нарықтық жүйеге негізделген
  - ▣ Мемлекет рөлі шектеулі
- 

# Нарықтық жүйе функциялары

- ✓ **Делдалдық функциясы**
- ✓ **Баға құру функциясы**
- ✓ **Ақпараттық функциясы**
- ✓ **Реттеушілік функциясы**
- ✓ **Санациялау функциясы**
- ✓ **Ынталандырушы функциясы**



# Нарықтық экономика артықшылықтары

- ✓ Жаңа тауарлар мен қызметтерге деген қажеттіліктерге бірден жауап береді
- ✓ Сұраныс пен ұсынысты теңестіреді
- ✓ Өндіріс талаптарына сай кәсіпорындарды қолдайды
- ✓ Жұмыс тиімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.
- ✓ Өндірістің өсуін және үдеуін ынталандырады.

# Нарықтық экономика кемшіліктері

- ✓ Халық шаруашылығының үлкен капитал қажет етуші салаларының қажеттіліктеріне баяу жауап береді.
- ✓ Коммерциялық емес салаларды аз өолдайды. Дағдарыстың алдын ала алмайды, жұмыссыздық пен инфляция тудырады.
- ✓ Әлеуметтік теңсіздік үлкен
- ✓ Теріс сыртқы әсерлерді ескермейді
- ✓ Бақылаушы күш бәсекелестік, уақыт келе әлсірейді.


Нарық экономикасының бірінші және өте маңызды элементі — өндіріушілер мен тұтынушылар




- Нарық экономикасының екінші элементін өндіріс орындарының корпоративтік басқаруына негізделген меншіктің жеке немесе аралас формаларымен болжанған экономикалық оңашалану құрайды.

# ПАРЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

**БАҒА** — тауар мен көрсетілетін қызмет бірлігі үшін төленетін немесе алынатын ақша (не өзге тауар мен қызмет) мөлшері.



Нарық экономикасының төртінші, орталық буыны - екі құрылымнан, сұраныстан және ұсыныстан, тұрады.



Нарық механизмінің бесінші  
элементі — бәсеке.





# Сұраныс – сатып алушы осы баға бойынша алуға дайын тауарлар саны

- Оны мына түрде көрсетуге болады:
- $Q_d = f(P, I, T, P_s, P_c, N)$ , мұнда
- $Q_d$  – тауарға сұраныс (quantity of demand)
- $P$  – тауар бағасы (price)
- $I$  – сатып алушының кірісі (табысы)
- $T$  – сатып алушылардың ұнатулары
- $P_s$  – субститут – тауарлар (substitutes) бағасы
- $P_c$  – тауарлар – комплементарийлердің (комплементтер – complements) бағасы
- $N$  – нарықтағы сатып алушылар саны (number).



# Сұраныс қисығы







**Ұсыныс - өндіріс нәтижесі және де сатушы осы баға бойынша сатуға дайын тауарлар саны болып келеді.**

- Ұсыныс функциясының түрі:
- $QS = f(P, PS, PC, Pres, K, T, N)$ , мұнда
- $QS$  – тауар ұсынысы (supply)
- $P$  – тауар бағасы
- $PS, PC$  – субститут – тауарлары мен комплементарий – тауарлардың бағалары
- $Pres$  – ресурстар (қорлар) және өндіріс факторларының (resources) бағасы
- $K$  – технология деңгейі
- $T$  – салықтар мен жәрдемақылар (taxes)
- $N$  – нарықтағы сатушылар саны

# ҰСЫНЫС ҚИСЫҒЫ





# Сұраныс пен Ұсыныстың өзара байланысы

